



Рухани жаңғыру

Ұлы дала үні киелі сахнада

Аталмыш мерекеге аудан орталығынан және ауылдық округтерден келген ұжымдармен жеке орындаушылар қатысты



Аудандық «Юбилейный» мәдениет үйінің ұйымдастыруымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Алтын Орданың 750 жылдығына орай «Ұлы дала үні» атты қазақ ұлт-аспаптар шығармашылығы фестивалі өтті.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Бақытжан Сәуекенов бастаған бірқатар өнер жанашырлары сахна төрінде қазақтың қара домбырасымен қылқобызын, жетігенін насихаттады. Тыңдарманның ыстық ықыласына бөленіп жүрген ұстаздар Мейір Нұрмұхамбетов, Хамит Мұстафин өнерлерін ортаға



сала отыра, өз шәкірттерін сахна төріне ала келді. Киелі қара домбыраның құлағында еркін ойнаған жас шәкірттер Дарын Алматылы, Айсауле Хасен, Айшолпан Сәуекенова, Ольга Гордиева, Әнуар Адаев дала үнін ерекше сүйіспеншілікпен жеткізе білді. Анель Хасенованың жетіген аспабында ойнаған шығармашылығы кештің көркін келтірді. Анельдің

ерекше талабы мен талантына жиылған халық тәнті болды. Алешин ауылдық округіне қарасты Жангелді орта мектебінің оқушыларынан құралған «Домбыра дастан» домбырашылар үйірмесінің сүйемелдеуімен «Еркемай» күйін Айғаным Жүрсін және Айша Шаханова нақышына келтіріп орындап берді. Кешке арнайы дайындықпен қатысып, ұлттық

өнерге өз үлестерін қосқан өнерпаздарға аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысының атынан Алғыс хат пен естелік сыйлықтар табыс етілді. Шығармашылық фестивалге келген қауым рухани байлыққа кенеліп, жүректері ән мен жырға сусындап қайтты.

**Қымбат
НАҒАШЫБАЙ**